Ағылшын тілі апталығы барысында 3 «А» және 3 «Б» сыныптарының оқушылары үшін “The Weather” тақырыбында қызықты сныптан тыс іс-шаралар өткізілді. Оқушылар ауа райы туралы әңгімелеп, викториналар мен ағылшын тіліндегі мини-диалогтарға белсене қатысты. Іс - шараның атмосферасы көңілді әрі достық жағдайда өтті, балалар өз білімдері мен белсенділіктерін қуана көрсетті. Сабақтың интерактивті форматы оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға және пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға ықпал етті.

Сондай-ақ, ағылшын тілі апталығы аясында 7–8 «А» және «Б» сыныптарының оқушылары үшін “Singing English Songs” атты караоке өткізілді. Оқушылар ағылшын тіліндегі танымал әндерді орындап, өздерінің вокалдық және тілдік қабілеттерін көрсетті. Іс-шара көңілді әрі еркін атмосферада өтіп, оқушылардың айтылымын, тыңдалым қабілетін және ағылшын тілін сенімді қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етті.